



## **Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облыстық мәслихатының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 166-III шешімі Атырау облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 21 қаңтарда N 2282 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011.10.03 № 275/1711/-МШ хатымен.**

Облыстық әкімияттың 2004 жығы 26 қарашадағы N 231 "Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" қаулысын талқылап облыстық мәслихат IX сессиясында

**ш е ш і м е т т і :**

1. Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары бекітілсін (жалғанды).

2. Қала және аудан әкімдері облыстық департаменттер, басқармалар мен комитеттер шаруашылық субъектілері Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарының іске асырылуын қамтамасыз етсін.

*Облыстық мәслихат IX сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихат хатшысы*

Атырау облыстық әкімиятының қаулысы 2004 жылғы 26 қараша 231

## **Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жығы 31 тамыздағы N 917 "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" қаулысын орындау мақсатында облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары мақұлдансын және облыстық мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге ұсынылсын (бұдан әрі - Жоспар).

2. Қала және аудан әкімдері, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдар Жоспарды орындау жөніндегі шараларды алсын және экономика мен кәсіпкерлікті қолдау бас басқармасына оның орындау

барысы туралы тоқсан сайын ақпарат беріп отырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В.В. Супрунға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімиятының

2004 жылғы 26.11. N 231

қаулысымен бекітілген

## **Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары**

### **1. Кіріспе**

Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу ережесіне сәйкес әзірленген.

Жоспар сыртқы және ішкі факторларға байланысты облыс экономикасының 2005-2007 жылдардағы даму қарқынын негіздейді, облыстық 2010 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспарында, 2004 жылғы 19 наурыздағы Президенттің Қазақстан халқына жолдауында және Қазақстан Республикасы үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған мақсаттарға жету және басымдықтарды іске асыру үшін салаларды дамытудағы міндеттер мен оларды шешудің жолдарын айқындайды.

## **Облысты дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мақсаттары, міндеттері және басымдықтары**

### **1.1. Стратегиялық міндеттерді шешу саласында**

Мақсат: облыс экономикасын 2010 жылға дейін дамытудың стратегиялық мақсаттарына жетуді қамтамасыз ету.

Міндеттер: мұнайгаз және өңдеу салаларын дамыту арқылы мұнай мен газды, оларды өңдеуден алынатын өнімдерді экспортқа шығару көлемін арттыруды қамтамасыз ету;

мұнайхимия өнімдері мен тауарлар түрлерінің кең жинағын алу үшін

көмірсутек шикізатын терең өңдеу жөніндегі қуаттарды құру;  
бәсекеге қабілетті өндірістерді дамытуға, тұрғын үй құрылысын салуға, облыстық инфрақұрылымын дамытуға бағытталған ішкі және сыртқы инвестициялардың жоғары деңгейіне қол жеткізу;

ауылды, оның инфрақұрылымын әлеуметтік-экономикалық дамыту, ауыл шаруашылығы өндірісін серпінді дамытуды қамтамасыз ету негізінде облыс халқын өз өндірісінің сапалы, экологиялық таза өнімдерімен қамту деңгейін арттыру;

облыс халқын балық өнімдерімен қамту, балық шаруашылығын кешенді дамыту және экспорт көлемін ұлғайту.

## **1.2. Орта мерзімді міндеттерді шешу саласында**

Бәсекеге қабілетті экономиканың негізін құру үшін келесі міндеттерді шешу көзделуде:

шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін озық технологияларды енгізу негізінде жаңа өндірістерді ашу және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту;

ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау, ауылдық өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымының даму деңгейін көтеру;

халықты жұмыспен қамту және табысын ұлғайту, тұрғындардың денсаулық сақтау мен білім берудің сапалы қызметтеріне қол жетімділігін арттыру, аз қамтылған азаматтарды атаулы әлеуметтік қорғауды жақсарту арқылы кедейшілікті қысқарту;

экологиялық қауіпсіз ортаны қолдау.

2004-2007 жылдарға арналған өңірлік индустриялық-инновациялық бағдарламаны, 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы бағдарламасын, Ауыл аумақтарын дамыту бағдарламасы мен аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру, Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын орындау, білім беру мен денсаулық сақтаудың материалдық-техникалық базасын, сапасы мен оларға қол жетімділікті нығайту, шағын кәсіпкерлікті дамыту көзделуде.

## **2. Даму бағдарламалары және оларды қаржыландыру**

Өңірлік бағдарламалар облыстық әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын іске асырудың негізгі тұтқасы болып табылады. Өңірлік бағдарламалардың ресурстық бөлігі бюджеттік бағдарламалармен үйлестірілген. 2003 жылдан бастап қолданыстағы және әзірленіп жатырған өңірлік

бағдарламалардың тізбесі Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының құрамында бекітіледі.

Бағдарламалардың шараларын жүзеге асырудан түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін олардың тиімділігіне талдау мен бақылау жасалады, ол бағдарламалық құжаттардың облыс экономикасының жедел дамуы мен республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржыларын тиімді пайдалануды қамтамасыз етудегі ролін арттыруға мүмкіндік береді.

### **3. Сауда және сыртқы экономикалық қызмет. Ішкі сауда**

2003 жылы бөлшек тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтандырудың айналымын есептемегенде) 11986,6 миллион теңгені құрап, 2002 жылмен салыстырғанда 19%-ға артқан.

2003 жылдың басынан бері жеке меншік нысандағы кәсіпорындардың тауар өткізуінен және рыноктардағы саудадан түскен айналым 11927,5 миллион теңгені құрады (99,5%), басқа сауданың тауар айналымы 2003 жылы экспорттық жеткізілімдер 3399,8 миллион АҚШ долларын (139,6%) құрады. Экспорт құрылымында ең көп үлес салмағын минералдық өнімдер - шикі мұнай, мұнай өнімдері (жалпы экспорттық 93,1%) алады.

Импорттық түсімдер 620,2 миллион АҚШ долларын (111,2%) құрады.

Болжамдалатын нәтижелер . 2004 жылы сыртқы сауда айналымының көлемі 4310,7 миллион АҚШ доллары (немесе 2003 жылға қарағанда 110,2%), соның ішінде: экспорт - 3660,2 миллион АҚШ доллары (102,1%), импорт - 650,5 миллион АҚШ доллары (104,9%) мөлшерінде жоспарланып отыр.

2007 жылы сыртқы сауда айналымының көлемі 6572,6 миллион АҚШ долларын (2006 жылға қарағанда 133,6%), соның ішінде: экспорт - 5852,5 миллион АҚШ долларын (138,5%), импорт - 720,0 миллион АҚШ долларын (104,0%) құрады .

Теңіз кен орнын қарқынды өңдеуге және Каспий теңізінің Солтүстік бөлігі қайрағын игеруге, сондай-ақ өңір инфрақұрылымы нысаналарының құрылысын салу көлемінің күрт өсуіне, облыс аумағында жаңа кен орындарын ашу мен жайғастыруға байланысты технологиялық құрал-жабдықтардың, мәшинелердің, тетіктердің, көлік құралдарының, тағам өнімдерінің жеткізілімдерін ұлғайту нәтижесінде импорт үлесінің өсуі күтіледі.

### **4. Адами капиталды дамыту**

Өңір экономикасының объективті өсіп келе жатқан шикізаттың бағыттылығы жағдайларында халықтың қолдағы табыс деңгейі бойынша жіктелуі орын алуда, сондықтан, облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуының

орта мерзімді жоспарында денсаулық сақтау, білім беру қызметтерінің сапасы мен оларға қол жетімділікті жақсарту, орташа табысы бар халықтың үлес салмағын көбейту жөніндегі шаралар белгіленіп отыр.

#### **4.1. Білім беруді дамыту және жоғары білімді мамандарды даярлау**

Облыста 2 мемлекеттік және 3 мемлекеттік емес жоғары оқу орны бар. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде оқыту 45 мамандық бойынша жүргізіледі. 2003-2004 оқу жылында жаңа "Актерлік өнер", "Агрохимия", "Агроэкология", "Фермерлік іс" мамандықтарына оқыту енгізілді.

Атырау мұнай және газ институтында 37 мамандық бойынша даярлау жүргізіледі.

Перспективалар. Жоғарғы оқу орындарының саны өзгермейді, мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы студенттер саны 2003 жылдағы 20,4 мың адамнан 2007 жылы 22,7 мың адамға дейін, мемлекеттік емес жоғары оқу орындарда 2,5 мың адамнан 4,4 мың адамға дейін өседі.

Магистратураларда оқитын студенттер саны 68-ден 76-ға дейін, аспирантуралардағы ғылыми қызметкерлердің саны 13-тен 29-ға дейін өседі.

#### **4.2. Орта техникалық білімді мамандар мен жұмысшы кадрларды даярлау жүйесін дамыту**

Облыс бойынша 10 колледж, оның ішінде 5 мемлекеттік колледж, 13 кәсіптік мектеп жұмыс жасайды. Кәсіптік оқу орындарында шағын және орта бизнестің 11 жаңа мамандығы бойынша оқыту енгізілді.

Перспективалар. Кәсіптік мектептер саны 2 бірлікке өсіп, 2007 жылы 15-ті құрайды. Бастауыш кәсіптік білім берумен қамтылғандар саны 700 адамға өсіп, 2007 жылы 4,2 мың адамды құрайтын болады.

Исатай ауданында кәсіптік-техникалық мектеп ашылады, Құлсары қаласындағы 6 кәсіптік-техникалық мектеп үшін жаңа оқу корпусы, Атырау қаласында кәсіптік мектеп салынады.

#### **4.3. Тұрғындардың әл-ауқатын арттыру. Халықтың кірістері**

2003 жылы облыс бойынша орташа айлық номиналды еңбекақы 48272 теңгені (2 айлық көрсеткішті есептемегенде) құрап, 2002 жылмен салыстырғанда 15,6%-ға артты. Нақты еңбекақының индексі 111,1%-ды құрады.

2003 жылдың желтоқсанында айлық номиналды жалақының орташа деңгейі ең төменгі күнкөріс шамасынан 8,9 есеге, жалақының ең төменгі мөлшері 11,5

е с е г е                                  ж о ғ а р ы                                  б о л д ы .

Перспективалар. 2005 жылы орташа айлық еңбекақы 59892 теңгені немесе 2004 жылмен салыстырғанда 117,5%-ды, 2007 жылы - 81670 теңгені немесе 160,3%-ды құрайды.

#### **4.4. Шағын кәсіпкерлікті дамыту**

2003 жылдың қорытындылары бойынша өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі 25598,2 миллион теңгені құрады, бұл 2002 жылғы деңгейден 6% - ға артық.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 18,1%-ға артып, шағын бизнес саласында еңбек етушілер саны 32,5 мың адамды құрады.

Шағын бизнес субъектілерінен түскен салықтың төлемдер 5768,1 миллион теңгені құрады, бұл 2002 жылдың деңгейінен 2,3 есе көп.

2003 жылы жергілікті бюджеттен 100,0 миллион теңге көлемінде бөлінген қаржы толықтай игерілді, 24 бизнес-жоба қаржыландырылды.

Екінші деңгейдегі банкілер шағын және орта бизнес субъектілеріне 7741,5 миллион теңге сомасында несиелер берді, бұл өткен жылдың деңгейінен 36,1%-ға артық.

2004 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 18220 бірлікке жетеді, оларда еңбек ететіндердің саны 42200 адамға дейін артады, өндірілген өнім, көрсетілген қызметтер мен жұмыстардың көлемі 27350,0 миллион теңгені құрайды.

Міндеттер: Қазақстан кәсіпкерлерінің XI Форумында мемлекет Басшысының берген тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету;  
2003-2005 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдаудың аймақтық бағдарламасын іске асыру;  
шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту, шағын және орта кәсіпкерлікті ақпараттың қамтамасыз ету және насихаттау;  
бәсекеге қабілетті өнім шығаруға бағытталған жаңа өндіріс қуаттарын құру және жұмыс жасамай тұрғындарын сауықтыру;  
кредиттік ресурстарға қол жетімділігін қамтамасыз ету;  
мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуына тыйым салу.

#### **4.5. Кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту**

**Міндеттер.** Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті дамыту, өнімді жұмыстылық үшін қолайлы жағдайлар жасау, халықтың табысын көбейту, аз қамтылған азаматтардың денсаулық сақтау және білім беру

қызметтеріне қол жетімділігін арттыру, атаулы әлеуметтік көмекті қамтамасыз етуді.

**Перспективалар.** 2005 жылы кедейшілік шегінен төмен өмір сүретіндердің саны 2004 жылмен салыстырғанда 14,6%-ға төмендеп, 27,0 мың адамды, 2007 жылы - 18 мың адамды құрайды немесе 43%-ға төмендейді.

2005 жылы ресми тіркелген жұмыссыздардың саны 4 мың адамды құрап, 2004 жылмен салыстырғанда 200 адамға кемиді, 2007 жылы - 3,6 мың адамды құрайды немесе 600 адамға кемиді. Жұмыссыздық деңгейі 2007 жылы 1,6%-ға дейін төмендейді.

#### 4.6. Халықты әлеуметтік қамту

2003 жылы облыста зейнетақының орташа айлық мөлшері 7009 теңгеден 8060 теңгеге дейін өсті.

Жалғыз басты қарттар мен еңбекке қабілетсіз азаматтарды әлеуметтік қолдау үшін толықтай мемлекеттік қамсыздандыруда 100-ден астам адам тұратын 1 интернат үйі, Тұрақты мекен-жайы жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу орталығы, ақыл-ойы кенжелеп қалған балаларға арналған интернат үйі, психоневрологиялық интернат жұмыс жасауда.

2003 жылы төленген әлеуметтік атаулы көмектің жалпы сомасы 777,5 миллион теңгені құрады. 23713 аз қамтылған азаматқа 143,1 мың теңге сомасында, соның ішінде жергілікті бюджеттен -20,2 мың теңге, материалдық көмек көрсетілді.

**Болжамдалатын нәтижелер.** 2007 жылы 2004 жылмен салыстырғанда республикалық бюджеттен зейнетақы төлеуге жұмсалатын шығындар көбейіп, 4559,9 миллион теңгені құрайды.

#### 4.7. Денсаулық сақтау

**Міндеттер.** Денсаулық сақтау саласындағы басымдықтар селолық денсаулық сақтау мен алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту, әлеуметтік маңызы бар ауруларды анықтап, емдеу, аналар мен балаларға емдік көмек көрсету, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жақсарту болды.

**Перспективалар.** 2004 жылы Құрманғазы, Махамбет, Жылыой аудандарында отбасылық дәрігерлік амбулаториялардың санын ұлғайту, Құлсары қаласында әйелдер консультациясын ашу есебінен мемлекеттік амбулаториялық-емханалық мекемелердің саны 5 бірлікке артады.

Фельдшерлік пункттердің саны Махамбет ауданындағы "Томан" және "Есмахан" орта медициналық қызметкерлерін қайта ұйымдастыру арқылы 1

бірлікке

көбейеді.

Құрманғазы ауданының Ганюшкино селосында 100 төсектік туберкулез ауруханасы пайдалануға беріліп, Балықшы поселкесіндегі аурухана 65 төсектік медициналық-әлеуметтік сауықтыру орталығы болып қайта құрылымданады.

Доссор поселкесінде 50 төсектік аудандық аурухананың және Атырау қаласында 100 төсектік туберкулез ауруханасының құрылыстары басталды.

2005 жылы Доссор поселкесінде жеке меншік стоматологиялық емхана ашылады. Фельдшерлік пункттердің саны 2 бірлікке көбейеді (Мақат ауданының Ескене станциясы мен 402 разъезі;).

2005 жылы аурухана мекемелерінің саны Дамбы селосында селолық учаскелік аурухана салу есебінен 1 бірлікке, 2007 жылы - 3 бірлікке (Жылыой ауданы мен Атырау қаласында перзентханалардың, Атырау қаласында туберкулез диспансерінің құрылыстарын салу есебінен) артады.

2007 жылға дейін дәріхана мекемелердің саны 261-ге дейін жеткізілетін болады.

#### **4.8. Мәдениетті, туризм мен спортты дамыту**

2003 жылы мәдениет мекемелерінің саны 261, соның ішінде мемлекеттік 253 құрады. Мұражайлар саны - 7. 146 кітапхана, 108 мәдени-демалыс мекемелері, 7 автоклуб және 5 облыстық мекеме бар.

Махамбет селосында Махамбет Өтемісов атындағы тарихи-өлкетану мұражайының құрылысы мен аудандық Мәдениет үйін жаңарту, Индербор поселкесінде Махамбет мазарын жөндеу, Махамбет аллеясын көріктендіру, "Борат" мәдениет үйін күрделі жөндеу, Атырау қаласында "Исатай-Махамбет" мемориалдық-сәулет кешенінің құрылысы аяқталды.

2004 жылы Қызылқоға, Махамбет, Индер және Құрманғазы аудандарында мәдениет мекемелерін күрделі жөндеу жүргізілді.

**Перспективалар.** 2005 жылы мәдениет ұйымдарының саны 262 бірлікті құрайды.

Атырау қаласында 400 орындық кітапхананың құрылысын салу белгіленген. 2007 жылы Атырау қаласының Ракуша селосында селолық клуб ашылады.

#### **Спорт және туризм**

Облыста 682 спорт ғимараты, соның ішінде 680 - мемлекеттік, 12 балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі, спорттық әр түрінен 20 облыстық федерация, 12 спорт клубы қызмет етеді.

2006-2007 жылдары Исатай ауданының Аққыстау селосында және Жылыой ауданының Құлсары қаласында (бюджеттен тыс қаржы есебінен), Құрманғазы ауданының Ганюшкин селосында спорт кешендерінің, Атырау қаласында қайық



есу базасының құрылысы жоспарланып отыр.  
Баскетболдан кәсіби спорт клубын ашу жоспарлануда.

## 5. Өндірілген капиталдың дамуы. 5.1. Инвестициялық саясат

2003 жылы "Теңізшевройл" ЖШС ірі геологиялық барлау жобалары (Екінші буын және қабатқа шикі газ айдау жобасы, күкіртті түйіршіктеу және күкірт өлпегін өндіру қондырғысының құрылысы және т.б) бойынша 161,7 миллиард теңге игерілді.

2004 жылы 229,4 миллиард теңгені игеру жоспарланып отыр.

Аджиб ККО компаниясы 2003 жылы Солтүстік - Каспий жобасы бойынша 100,8 миллиард теңге сомасындағы инвестицияны игерді.

2004 жылы компания негізгі капиталға инвестициялардың көлемін 220,4 миллиард теңге сомасына жоспарлап отыр, олар қашаған кен орнын тәжірибелік-өндірістік өңдеу бағдарламасын орындауға және вахталық поселке мен жолдар құрылысы жөніндегі жұмыстарды жүргізуге жіберілетін болады.

2003 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытын жаңғырту бойынша 2,23 миллиард теңге игерілді, 2004 жылы 29,6 миллиард теңгені игеру жоспарланып отыр, бұл өткен жылғы деңгейден 14,7 есе артық.

"Ембімұнайгаз" ӨФ бойынша 2003 жылы инвестициялардың жалпы көлемі 6,1 миллиард теңгені құрады. Келісім-шарттағы кен орындарын жайғастыру және өнеркәсіптік, әлеуметтік инфрақұрылымдар нысаналарының құрылысы және оларды жаңғырту, геологиялық барлау және жаңа технологияның енгізу жөніндегі жұмыстар жүргізілді.

2004 жылы инвестициялардың көлемі 8,4 миллиард теңгеге дейін өседі, бұл өткен жылғы деңгейден 1,3 есе артық.

Ағымдағы жылы КТК-К қолда бар нысаналарын жаңғырту және жаңа нысаналарын салу көзделуде. Инвестицияның жалпы сомасы 1,1 миллиард теңгені құрайды.

2004 жылы Еуропалы қайта жаңарту және Дамыту банкінің кредит қаржысы есебінен жаңа ұшып-қону алаңының құрылысы басталды.

2004 жылы республикалық бюджеттің кредит қаражаты есебінен тұрғын үй құрылысын салу басталды.

**Перспективалар.** 2005-2007 жылдарда инвестициялық саясаттың негізгі бағыты тікелей отандық және шетел инвестицияларды қайта өңдеу және өңдеу өнеркәсіптеріне тарту болады.

Мұнай газ кешені кәсіпорындары мен ұйымдарының, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың қаржысы есебінен негізгі капиталға тартылған инвестициялар 469,6 миллиард теңге құрады.

ТШО бойынша инвестициялардың жалпы көлемі 2005 жылы -159,3 миллиард теңге; 2007 жылға - 41,9 миллиард теңгені құрайды.

Аджиб ККО компаниясы Каспий теңізі қайраңын игеру жөніндегі ірі ауқымды инвестициялық жобаларды: өңдеу зауытының құрылысы, Қашаған кен орнынан газ өңдеу зауытына дейін қуаты жылына 6,6 миллиард текше метр газ құбырының, Қашаған кен орнынан бас ғимараттарға дейін қуаты тәулігіне 300,0 мың баррель мұнай құбырының, қуаты жылына 2,2 миллиард текше метр шикі газды кері айдау қондырғысының құрылысын іске асырады деп шамаланып отыр.

"АМӨЗ" ЖШС негізгі капиталға жалпы сомасы 16501 миллион теңге инвестиция салымын (соның ішінде: 2005 жылы - 15021 миллион теңге; 2006 жылы - 1480,0 миллион теңге) жоспарлады.

"Ембімұнайгаз" бойынша инвестицияның жалпы көлемі 29,5 миллиард теңгеден (2005 жылы - 10,8 миллиард теңге; 2007 жылы - 8,4 миллиард теңге) артық болады.

КТК-К бойынша инвестицияның жалпы сомасы 49,4 миллиард теңгені (2005 жылы - 20,0 миллиард теңге; 2007 жылы - 8,4 миллиард теңге) құрайды.

"ҚазМұнайГаз-Тельф" ЖШС Қара-Арна кен орнын жаңғыртуға және жетілдіруге, сондай-ақ Шығыс Көкарна кен орнын жайғастыруға және жаңғыртуға 2427,8 миллион теңге жоспарлады.

Экономиканың стратегиялық салаларының бірі ретінде мұнай химия кешенін дамытуға үлкен назар аударылатын болады.

Сонымен, "Полипропилен зауыты" ЖШС бойынша полипропилен және полиэтилен өндірісінің қуатын жылына 300,0 мың тоннаға дейін жеткізу үшін құралдарды жетілдіру, жылына 3,5 миллиард тонна пропилен, этилен, бензол, стирол алу үшін газ өңдеу зауытының құрылысын салу жоспарлануда.

Осы жобаларға 2005-2007 жылдар ішінде 86,25 миллиард теңге мөлшеріндегі инвестиция салымы көзделіп отыр.

Міндеттер. Қолайлы инвестициялық ахуал құру, қайта өңдеу, өңдеу өнеркәсібіне және коммуналдық шаруашылық нысаналарын күрделі жөндеуге тікелей отандық және шетел инвестицияларын тарту;

қарыз қаражаты мен қор нарығы аспаптарын пайдалану арқылы облыстық инвестициялық бағдарламаларын іске асыру;

халықты жұмыспен қамту, кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрестің облыстық бағдарламасының Қазақстандық мамандардың жер қойнауын пайдаланушылардың қаржысын пайдалану жөнінде оқыту, қайта оқыту және біліктілігін көтерудің іс-шараларын жүзеге асыру;

құрылыс саласын серпінді дамыту және тұрғын үй құрылысы қарқынын арттыру үшін, бірінші кезекте-әлеуметтік әлсіз жіктер үшін, жағдайлар жасау.

## 5.2. Индустриялық-инновациялық даму

Облыс экономикасының құрылымында өнеркәсіптің тау-кен және басқа салаларының арасындағы сәйкессіздіктің төмендеу беталысы белгіленді. Сонымен 2006 жылы 2001 жылмен салыстырғанда тау-кен өндірісінің үлесі 92,5%-дан 87,6%-ға дейін төмендейді.

2007 жылы Каспий теңізі қайраңындағы мұнай кен орнын пайдалануға беруге байланысты өнеркәсіп құрылымында тау-кен саласының үлесі уақытша көтеріледі. Мұнай химия және химия салалары кәсіпорындарын іске қосу жоспарына, сервис компанияларының дамуына, шағын және орта бизнес секторында жаңа өндірістердің іске қосылуына байланысты ілгері қарай оның төмендеуі болжануда.

Өнеркәсіп кәсіпорындары, бюджеттің негізгі салық төлеушілері бола отырып, әлеуметтік өзекті жобаларды іске асырып, облыстың еңбекке жарамды халқының 22% жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

2001-2003 жылдар кезеңінде облыс өнеркәсібінде 21 жаңа кәсіпорын іске қосылып, жаңа өнімнің 70-тен астам түрі игерілді, 4,5 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

2003 жылы жаңа жоғары технологиялық өндірістер іске қосылды: "Шеврон Тексако" компаниясының полиэтилен тұрбалар өндіру зауыты, "Каспиан Сальфа Компани" ЖШС қабыршақты күкірт өндіру зауыты, "Теңізшевройл" ЖШС түйіршікті күкірт өндіру зауыты.

Құрылыс индустриясында: "Қазкомсервис" ЖШС металл жабынғыш шығару цехы, "Каспий көлік құрылысы басқармасы" ЖШС темір бетон және бетон құрылымдарын шығару өндірісі, "Құрылыс саудасервис" ЖШС қаптама және жаяу жүргінші жол тақтайшасын өндіру цехы іске қосылды.

"Атырау-Агротехнология" ЖШС шұжық тағамдарын шығару өндірісі іске қосылды.

### 5.2.1. Мұнайхимия кешені және мұнай өңдеу

2003 жылы Атырау МӨЗ жаңғырту жұмыстары басталды, ол әлемдік стандартқа сәйкес жоғарғы сапалы мұнай өнімдерін шығаруға мүмкіндік береді. "Полипропилен зауыты" ЖШС газ тәріздес отынға арналған газ турбиналы энергетикалық қондырғыны жинақтау және іске қосу-реттеу жұмыстары аяқталуда. Ұзындығы 1,2 шақырым газ құбыры мен бу қазаны жөнделді.

Полипропилен өндірісінің қуатын жылына 100 мың тоннаға дейін жеткізу

үшін құралдарды жаңғырту жоспарлануда.

2003 жылы "Рауан" ЖШС 248,2 миллион теңге сомасында өнім өндірді, бұл 2002 жылға қарағанда 95,6 миллион теңгеге артық.

### **5.2.2. Жеңіл өнеркәсіп**

#### **Тоқыма, тігін және аяқ-киім өнеркәсібі**

Тоқыма және тігін өнеркәсібінде 11 шағын кәсіпорын және саңыраулар мен соқырлар қоғамдарының 2 оқу өндірістік кәсіпорны (ОӨК) жұмыс істейді. 2003 жылы олар 109,2 миллион теңгенің өнімін өндірді, бұл 2002 жылға қарағанда 2 е с е к ө п .

Сұраныс пен ұсынысты ескерумен, тігін өнеркәсібі өнімінің өсу қарқыны 2004 жылға қарағанда 2007 жылы - 103,5%, аяқ-киім өндірісінде - 109% құрайды.

### **5.2.3. Ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі**

2003 жылы ағаш өңдеу және ағаш бұйымдарын өндіру көлемі 150,0 миллион теңгені құрады. Кеңсе, жатын және ас бөлмесінің жиһаздарын "Айна Жасау" ЖШС және "Карт Бланш" ЖШС дайындайды. Одан басқа, шағын кәсіпкерлік субъектілері тұрғын үй құрылысына арналған ағаш бұйымдарын өндіреді.

Халықтан және коммерциялық құрылымдардан түсетін тапсырыстар есебімен жиһаз дайындау қарқынының өсуі 2004 жылға қарағанда 2007 жылы 106,7% қ ұ р а й д ы .

2003 жылы баспа ісіндегі өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2002 жылға қарағанда 330,5 миллион теңгені немесе 137,5%-ды құрады. 2004 жылы 2003 жылға қарағанда саны 75 мың дана таралым немесе 101,8% көзделуде, 2007 жылы баспа өнімнің өсуі 2004 жылға қарағанда 105,3%-ды құрайды.

### **5.2.4. Машина жасау**

2003 жылы "Атыраумұнаймаш" ЖШС құралдардың тереңдік қарнақты сорғысын жөндеу және "Визерфорд" компаниясының технологиясы жөніндегі ц е х і с к е қ о с ы л д ы .

2,2 миллион теңгеге сорғының алғашқы партиясы өндірілді. ASTM стандарты бойынша металл бұйымдар, су ысытатын қазандар және жылу генераторларын шығару игерілді, тереңдік қарнақты сорғы жөндеу және құрастыру цехы іске қосылды. 239,8 миллион теңге сомасында өнім өндірілді, бұл 2002 жылға қарағанда 99,2 миллион теңгеге артық.

API стандарты бойынша жобалық қуаты жылына 100 дана теңселме білдек пен жобалық қуаты жылына 500 дана мұнай өндіретін бұрама сорғы жүйелерінің

өндірісі

жоспарланады.

ИСО-9001 стандартына көшу жөніндегі жұмыстар жалғасуда.

"Ордабасы корпорациясы" АҚ өз қаражаты есебінен 1,0 миллион АҚШ доллары сомасында сумен-жылумен жабдықтау жүйесінде және мұнай өнеркәсібінде қолданылатын бекіткіш шегенді жөндеу және қызмет ететін қуат құруды қарастыруда.

Канада технологиясын енгізу негізінде мұнай құралдарын (бұрама сорғылар) сынау және жөндеу цехын құру жобасы дайындалуда.

### 5.2.5. Құрылыс материалдары өнеркәсібі

"ИндерҚұрылысИндустрия" ЖАҚ бойынша 2003 жылы өндіріс көлемі 722,7 миллион теңгені құрады, бұл 2002 жылғыдан 157,8 миллион теңгеге артық. Қуаты жылына 300 мың тонна құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру жөніндегі жобаны іске асыру көзделуде.

Феникс ИСА ЖШС сыртқы қабырғаларды, ішкі арақабырғаларды қалауда, шатырдың жылуын оқшаулауда қолданылатын қуыс көбік бетонды құрылыс блоктарды шығарады.

"Казкомсервис" ЖШС бойынша ең маңызды жобалардың бірі темір бетон бұйымдарын өндіру комбинатын ауқымды қайта құрылымдау болып табылады. Бұл жағдайда негізгі акцент облыста өндірілетін материалдан жасалатын бұйымдар өндірісіне жасалады. 2003 жылдан бастап ИСО-9001-2000 сапасы жүйесін енгізу басталды.

"Проммонтаж КиВ" ЖШС Қарашығанақ мұнай газ кешенінің құрылысын салу жұмыстарында, Аджиптің Каспий теңізі қайраңындағы жобаларына және КТК (2-кезектегі құрылыс) жобасын жүзеге асыруға қатысуды жоспарлап отыр. Көп мақсатқа бағытталған тез салынатын жаңа заманғы ғимараттардың, сондай-ақ басқа да құрылыстың және технологиялық құрылымдардың құрылысын салуға мамандандырылған "Митаз Холдинг" (Орск қаласы) ЖАҚ бірлескен жаңа "Қазақстан-Ресей" кәсіпорны "Проммонтажконструкция" ЖШС құрылды.

2007 жылға өнімнің құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрылымдары импортына тәуелділігін азайту;

тиімді және экологиялық таза құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрылымдарының түрлерін кеңейту;

үдемелі технологияларды енгізу есебінен өндірістің материал, энергия және еңбек сыйымдылығын, өнімнің өзіндік құнын төмендету;

саланың өндірістік әлеуетін одан әрі өсіру үшін база құру;  
салықтық нақты түсімін арттыру;  
құрылыс материалдарын экспортқа шығару мүмкіндігін арттыру күтіледі.

## **Отын-энергетикалық ресурстарды өндіру және игеру.**

### **Мұнай өнеркәсібі**

Жоспарланған кезеңдегі мұнай-газ секторының келешекте дамуы "Теңізшевройл" ЖШС Теңіз, "Королевск" мұнай кен орындарын ілгері қарай игеруіне байланысты.

2007 жылы "Аджип ККО" компаниясы Қашаған кен орнында мұнай өндіруді бастауды жоспарлауда. Газ өңдеу зауытының құрылысы басталды.

Атырау облысының экономикасын дамыту үшін теңіз мұнай операцияларын қолдау жөніндегі инфрақұрылым құру басты бағыт болып табылады. Осы бағытта облыс әкімияты мамандандырылған жобалау ұйымдары мен Ресейдің өндірістік кәсіпорындарын тарту арқылы Атырау қаласында орналасатын теңіз флотын құру, өзен-теңіз сыныбындағы кеме шығаратын зауыттың құрылысы және кеме жөндеу зауытын жаңғырту жөнінде ТӘН әзірлеу бастамасын қолына алды.

Мемлекетаралық келісімді жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы шекарада орналасқан Құрманғазы және басқа да мұнай кен орындарын игеру жұмыстары жалғасатын болады.

### **Газ өнеркәсібі**

Тауар газын өндіру 2006 жылы 5 миллиард текше метрді немесе 2003 жылғы деңгейге қарағанда 113,4%-ды құрайды, 2007 жылы - 7,4 миллиард текше метр немесе 163,9%. 2007 жылға дейінгі кезеңде құрғақ газ өндіру көлемін өсіруге негізінен Теңіз кен орнында мұнай өндіруді арттыру есебінен қол жеткізіледі, онда 2007 жылғы болжам бойынша жылына газ өндіру 7,4 миллиард текше метрді құрайды.

2007 жылы Теңізде өндірілетін 4,2 миллиард текше метр құрғақ газды ТМД елдеріне жеткізу жоспарлануда, қалған көлемі қабатқа газды кері айдау үшін пайдаланылады.

## **Электр энергетикасы өндірісін дамыту және оны тасымалдау**

Атырау облысының энергия жүйесі қолда бар энергияға айналдырушы қуаттардың жергілікті отын ресурстарын (газ, мазут), есепке алса, өзіне жеткілікті және өз өндірісі есебінен өңірдің электр және отын энергиясына

қажеттілігін толықтай жабады.

Жоспарланып отырған кезең ішінде "Атырау ЖЭО" ААҚ қуаты 70 мегаВатт газ турбиналы жаңа қондырғыны іске қосу көзделуде. "Аджип ККО" компаниясы газ өңдеу зауытының құрылысы шеңберінде қуаты 50 мегаВатт газ турбиналы қондырғысын іске қосылады. Бұл энергетикалық жобалардың іске асырылуы 2004 жылы электр энергиясы өндірісінің өсу көлемін сағатына 2,3 миллиард килоВатт/сағат дейін, 2005 жылы - 2,4 миллиард килоВатт/сағат, 2006 жылы - 2,5 миллиард килоВатт/сағат, 2007 жылы - 2,6 миллиард килоВатт/сағат қамтамасыз етеді.

### 5.3. Аграрлық азық-түлік саясаты

**Мал шаруашылығы.** Есепті кезеңде облыста ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақтандыруға қол жеткізілді. Мысалы, 2004 жылдың 1 қаңтарына мүйізді ірі қара басының саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 9,5%-ға, қой мен ешкі - 8,9%-ға, түйе - 8,6%-ға, жылқы - 7,1%-ға, сүт өндіру - 15,8%-ға, ет - 10,9%-ға өсті.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 6929,0 миллион теңгені немесе 2002 жылмен салыстырғанда 111,2% құрады.

Облыста ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру жөніндегі шаралар алынуда.

**Егін шаруашылығы.** 2003 жылы картоптың жалпы жиыны 10,5 мың тонна (122,5%), көкөніс - 25,7 мың тонна (110,2%), бақша дақылдары - 7,8 мың тонна (145,6%) құрады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық түрлері бойынша егу ауданын, соның ішінде израилдық тамшылап суару технологиясын қолдану арқылы, арттыру жоспарлануда.

2003 жылы жылыжай шаруашылықтарының алаңы 14 мың шаршы метрді құрады. 2004 жылы 32 мың шаршы метрге дейін жеткізу жоспарлануда.

Ақпараттық-маркетингілік жүйені қалыптастыру мақсатында өткен жылы облыстық бюджеттен 4,0 миллион теңге бөлініп, игерілді, тиісті компьютерлік жабдық сатып алынды.

**Ауыл шаруашылығына бөлінген инвестициялар.** 2003 жылы облыстық бюджеттен 350,9 миллион теңге, соның ішінде ауыз сумен жабдықтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға 32,9 миллион теңге, жергілікті деңгейде малдәрігерлік шараларға қолдау көрсетуге 15,0 миллион теңге бөлінді.

Мал тұқымын асылдандыру ісін одан әрі дамыту мақсатында облыстық бюджеттен 36 миллион теңге бөлініп, игерілді.

2003 жылы облыстық тағы төрт ауыл шаруашылығы құрылымдары асыл тұқымды шаруашылық статусын алды.

18 селолық округте сиырларды қолдан ұрықтандыру пункттері ашылып, жұмыс жасауда, үстіміздегі жылы тағы осындай 15 пункт ашу жоспарлануда.

"Агросервис" КМК арқылы тұқым және жанар май түрінде тауарлық несие беру, сондай-ақ лизинг негізінде техника мен ауыл шаруашылығы малдарын беру ұйымдастырылды. 2002-2003 жылдары 321 тонна тұқымдық картоп, 23,8 тонна минералдық тыңайтқыш, 452 тонна дизель отыны және 284 тонна бензин б ө л і н і п , б е р і л д і .

2003 жылы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге лизинг негізінде 18,7 миллион теңге сомасына 12 МТЗ-82 тракторы, жалпы сомасы 30 миллион теңгеге 120 бас сиыр, 30 бас түйе және 1820 бас қой мен ешкі алынып тапсырылды. Осындай жұмыстар биылғы жылы да жүргізілуде.

Мал басына санитарлық-малдәрігерлік қызмет көрсетуді жақсарту үшін облыстық бюджеттен 15 миллион теңге бөлініп игерілді, 100 шақты мал дәрігері жұмысқа қабылданды.

Жылжымалы коммуналдық шағын рынок жұмысы ұйымдастырылды. Үш арнайы саудалық тіркеме-фургон (2-мұздатқыш қондырғысымен), 2 Газель автомашинасы мен бір автодүкен-рефрижератор алынды.

Атырау қаласында муниципалдық рынок құрылысын салу мәселесі шешілуде. Махамбет ауданында "Ембімұнайгаз" ААҚ демеушілік көмегі есебінен 200 орындық коммуналдық рынок пайдалануға берілді.

Селолық несиелік серіктестіктер құру жөніндегі жұмыстар атқарылуда.

Атырау қаласында "Мал өнімдері корпорациясы" ЖАҚ өкілдігі жұмыс жасайды. Осы кезең ішінде олар тұрғындар мен шаруа қожалықтарынан 3000 бас еділбай қойы сатып алып, 2250 қой терісін дайындады.

Құрманғазы, Исатай, Индер, Жылыой аудандарында және Атырау қаласында мал шаруашылығы өнімдерін қабылдайтын пункттер құру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

**Міндеттер.** Ауыл экономикасын қаржылай сауықтыру; ауыл шаруашылығы өндірісінің серпінді дамуын қамтамасыз ету негізінде агроөнеркәсіптік кешенінің тиімді жүйесін және бәсекеге қабілетті импорт алмастырушы өндірісті қалыптастыру;

рынок, тауарлар, тұтынушылар және бәсекелестер туралы сенімді, уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін Ақпараттық-маркетингілік қызмет» қ ұ р у ;

егін шаруашылығында өндірістік қарқынды технологияларын енгізу, мал шаруашылығында селекциялық-асылдандыру жұмысын жетілдіру;

селолық несиелік серіктестіктер мен селолық тауар өндірушілер қауымдастықтары желісін дамыту;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу қуаттарын дамыту.



**Болжамдалатын нәтижелер.** 2007 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемін 2004 жылмен салыстырғанда 22,4%-ға ұлғайту көзделген.

2007 жылы мүйізді ірі қара саны 158 мың басқа дейін, қой мен ешкі - 627,1 мың басқа дейін, жылқы - 43,1 мың басқа дейін, түйе - 27,9 мың басқа дейін, тірілей салмақта ет өндіру 38,8 мың тоннаға дейін, сүт - 54,5 мың тоннаға дейін ұлғайтылады деп күтілуде. Картоп өндіру 13,1 мың тонна, көкөніс - 32,3 мың тонна, бақша дақылдары - 10,1 мың тонна құрайды.

Түйе сүтін өндірудің озық технологиясын Жылыой ауданының«"Жаңа таң"» және Махамбет ауданының«"Бірінші мамыр"» акционерлік қоғамдарында енгізу қарастырылуда.

## **Балық шаруашылығы**

Облыс бойынша 2003 жылы балық аулау 15,8 мың тоннаны құрады, бұл 2002 жылғыдан 441,1 тоннаға көп. Дайындалған және консервіленген балық шығару 11328 тоннаны құрады, бұл 2002 жылғы деңгейден 11,6%-ға артық. 7,6 тонна бекіре балығының уылдырығы өндірілді.

**Перспективалар.** 2004 жылы 15655 тонна балық, соның ішінде 15471 тонна қара балық, 184 тонна бекіре балығын аулау көзделуде.

2005-2007 жылдары өз қаражаттары және облыстық бюджеттің несиелерін тарту арқылы жалпы сомасы 253 миллион теңгеге жаңа балық өңдеу қуаттарын енгізу және қазіргі қуаттарды жаңғырту жоспарлануда. "Еркінқала"» өндірістік кооперативінде тоңазытқыш пен балық кептіру шаруашылығының құрылысы, "Амангелді" өндірістік кооперативінде тоңазытқыш алу және балық өңдеу цехын жаңғырту, "Каспий балық" өндірістік кооперативінде терең өңдеу цехының құрылысы және "Атырау балық" ашық акционерлік қоғамында технологиялық желіні жаңарту көзделуде.

Нәтижесінде дайындалған консервіленген балықтың көлемін 2005 жылы 11500 тоннаға дейін немесе 2004 жылға қарағанда 102,5%, 2007 жылы 11700 тоннаға дейін немесе 2006 жылға қарағанда 100,8%-ға өсіру күтілуде.

Уылдырық шығару шамамен: 2005 жылы - 8,2 тоннаны немесе 2004 жылға қарағанда 103,7%-ды, 2007 жылы - 8,8 тоннаны немесе 2006 жылға қарағанда 103,9% - ды құрайды.

## **Балық қорын ұдайы өсіру**

2003 жылы екі бекіре балығын өсіру зауыты Жайық өзеніне 6,46 миллион дана бекіре шабақтарын жіберді, бұл мемлекеттік тапсырыстың 107,7% құрайды.

Облыстық бюджет қаржысы есебінен 16,1 миллион теңге көлемінде балық қорын қорғау және қайта өндіру жөніндегі шаралар атқарылды.

**Перспективалар.** Республикалық бюджет қаржысы есебінен 220,0 миллион

теңге сомасына өзен табанын тереңдету жұмыстарын жүргізу, облыстық бюджет қаржысы есебінен 21,9 миллион теңге сомасына балық қорын сақтау жөніндегі шараларды жүргізу белгіленуде.

### **Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін:**

Жайық-Каспий бассейнінің балық өнімділігін арттыру және бекіре балықтарының жайықтық жеке түрі қорының ілгері қарай төмендеуінің алдын-алу, қара балық пен бекіре тұқымдас балықтардың табиғи ұдайы өсуіне қолайлы жағдайлар жасау;

табиғатты қорғау заңдылығының сақталуын бақылауды күшейту, балық қорғау шараларын өткізудің тиімділігін арттыру;

Өндірістік базаны дамыту, ең жаңа технологияларды енгізу, инвестициялар тарту, өнімнің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекелестік қабілеті мен сапасын көтеру арқылы дайын өнім шығаруды арттыру қарастырылып отыр.

## **6. Табиғи капиталды дамыту.**

### **Тау-кен өндірісі кешенін дамыту және оның ресурстарын пайдалану**

Тау кен өндіру өнеркәсібінде 543,1 миллиард теңге сомасында өнімі шығарылды. Нақты көлем индексі 99,4%-ды құрады.

2003 жылы мұнай өндіру 16,2 миллион тоннаны немесе өткен жылға қарағанда 98,6%, ілеспе мұнай газы - 6369,4% мың тоннаны немесе 103%-ды құрады.

Мұнай өндіру көлемінің кемуі «Теңізшевройл» ЖШС 2003 жылғы шілдеден 15 қыркүйекке дейін газ өңдеу зауытында жоспарлы күрделі жөндеуден өткізілуіне байланысты. Ішін-ара шығындарды "Ембімұнайгаз" ААҚ және басқа мұнай өндіруші компаниялардың мұнай өндіру көлемін өсіру есебінен өтеу мүмкіндігі болды.

Тау-кен өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 2004 жыл аяғында 588,4 миллиард теңге сомасында болжанды.

2004 жылы 16,0 миллион тонна мұнай (2003 жылға қарағанда 98,9%) және 7,1 миллион текше метр ілеспе газ мұнайы (106,7%) өндірілетін болады.

Өңдеу өнеркәсібінде 60,1 миллиард теңге сомасының өнеркәсіп өнімі өндірілді, бұл 2002 жылғы деңгейден 5,5%-ға артық.

Өңделген мұнай көлемі 2005 жылы 2700 мың тоннаны немесе 2004 жылғы деңгейге қарағанда 103,8 %-ды құрайды.

2002 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көлемі өсті. Сонымен өңделген сұйық сүт өндірісі 2,6 есе, сүзбе 30,5%-ға, дайындалған және консервіленген балық 11,6%-ға, ыссы нан шығару 38,8%-ға артты.

## **7. Аумақтық даму және инфрақұрылым.**

### **7.1. Демография және халықты оңтайлы орналастыру**

Экономикалық дамудың орнықтылығы және азаматтардың әл-ауқатының жақсаруы демографиялық және көші-қон ахуалының тұрақтануына ықпал етті.

Мысалы, 2004 жылдың 1 қаңтарына халықтың саны 457,1 мың адам болып, 2002 жылмен салыстырғанда 5,1 мың адамға өсті. Халықтың тығыздығы орта есеппен 1 шаршы метрге 3,9 адамнан келеді.

Сонымен қатар, халықтың туылуы төмен және өлімі жоғары, соның ішінде сәбилер мен аналардың, өмір сүру ұзақтығы төмен екені белгіленді.

Құрманғазы, Қызылқоға, Жылыой аудандарының елді мекендерінде қолайсыз экологиялық жағдай және халықтың сырқаттанушылығының артуы байқалады. Жылыой ауданы Сарықамыс поселкесінің тұрғындарын көшіру жұмыстары жүргізілуде. Құрманғазы ауданының Азғыр селосын және Жылыой ауданының Кеңарал селосын көшіру белгіленді.

**Перспективалар.** 2007 жылы халықтың саны 478,5 мың адамға жетеді. 2004 жылы бекітілген квотаға сәйкес облысқа оралмандардың 380 отбасы, оның ішінде 340 отбасы Өзбекстан Республикасынан, 20 - Ресейден, 20 - Түркменстан Республикасынан келеді.

### **7.2. Ауылдың әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымын дамыту**

Мемлекеттік органдар жұмысының басты бағыттарының бірі Ауыл аймақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру болып табылады.

Ауыл аймақтарының инфрақұрылымын дамытуға барлық қаржыландыру көздері есебінен 2003 жылы 7,5 миллиард теңге бөлінді, бұл жергілікті инвестициялық бағдарламаларға бөлінетін қаржының 45,7%-ын құрайды.

